

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 22 қаңтардағы № 19 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 248 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 қыркүйекте N 3371 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 09 ақпандағы № 36 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 09.02.2017 № 36 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 22 қаңтардағы № 19 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізбесінде 2015 жылдың 09 ақпанында 3100 нөмірімен тіркелді, "Ауыл арайы" газетінің 2015 жылдың 27 ақпанындағы 9 нөмірінде мемлекеттік тілде, "Сельская новь" газетінің 2015 жылдың 27 ақпанындағы 9 нөмірінде орыс тілінде жарияланды) келесі өзгертулер енгізілсін:

осы нұсқалған қаулымен бекітілген "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіндегі (ілгеріде-Ереже):

Ереженің 16-тармағы 9) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"9) жергілікті атқарушы органдарға ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау туралы ұсыныс енгізу;"

Ереженің 16-тармағы 10) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"10) жергілікті атқарушы органдарға ауданның (облыстық маңызы бар

қаланың) аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы ұсыныс енгізу;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі*

И. Турков